


# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Марксизмнің әдебиетке әсері





## Марксизмге кіріспе

**Мақсаты:** марксизм теориясы мен оның әдебиет пен әдебиеттану ғылымына тигізген ықпалын ашып көрсету, аталған теорияның әдебиеттану ғылымындағы орнын анықтау.

**Кілт сөздер:** марксизм, әдебиет, мәдениет, тап, өндіріс, әлеуметтік факторлар.

Біз бүгін әдебиеттану ғылымында ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылым салаларының бәрінде дерлік ерекше маңызға ие болған марксизм теориясы туралы әңгіме өрбітпекшіміз. Бұл тақырыпты түсіну арқылы сіз тек қана әлемдік әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымдарындағы салмақты теорияны ұғынып қана қоймайсыз, сонымен бірге қазақ әдебиетінің тарихына да шынайы әрі әділ баға беруге мол мүмкіндік аласыз. Өйткені өздеріңізге белгілі, советтік жүйе тұсында қазақтың әдебиеті мен өнері де осы теорияның тұжырымдарына сүйенген жолмен жүрді.

Теңсіздік орнағаннан гөрі әлеуметтік байлықтың бәрін күллі халыққа бірдей таратып беру керек деген көзқарасты сипаттайтын экономикалық тепе-теңдік идеясын Карл Маркс ойлап тапқан жоқ. Бірақ ол өзіне дейінгі ғалымдарға қарағанда аталмыш идеяны мәдениет пен әдебиет саясатына байланыстыру үшін көп еңбек етті. Маркс әдебиеттану ғылымының өкілі болмаса да, мәдениет туралы тұщымды тұжырымдар жасады. Оның ойынша, адамзат тарихының әр кезеңінде әртүрлі идеялар басымдыққа ие болды. Бұл идея әдетте өз дәуірінің әлеуметтік, экономикалық және саяси басымдыққа ие топтарының мүдделерін танытады. Әдетте олар экономикалық теңсіздікті әділ әрі дұрыс деп есептеп, биліктегі адамдардың үстемдік етуін табиғи әрі заңды құбылыс санайтын. Сондықтан та бұл идеяның мақсаты үстемдік ететін топтардың билігін сақтап қалуды көздейтін.

Әдебиет – идеялардың мәдениет кеңістігіне таралуының ең маңызды жолдарының бірі. Өткен дәуірлердегі діни және оқу-ағарту мекемелері мен қазіргі кездегі радио, теледидар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары одан кейінгі орында тұратын аса маңызды арналар болып саналады. Әдебиетті оқып үйренудің тағы бір жолы экономикалық басымдыққа ие топтардың әлеуметтік билігінің тұрақтылығын сақтаудағы саяси қызметін сарапқа салу болып табылады.

Маркс қоғам атаулының бәрі де өмірді жақсарту үшін өндірістің айналасына ұйымдасқанын айтады. Аграрлық қоғамда өмір сүрген ертедегі отбасылық негізге сүйенген адамдарда меншік бәріне ортақ болып саналатын еді. Алайда уақыт өте келе корпорация, ферма, фабрика сынды өндіріс ошақтарына иелік ететіндер мен олардың жұмысшылары арасында меншікті бөлу мәселесіне келгенде айтарлықтай теңсіздік орнады. Материалдық теңсіздіктің өзін ақтау қиын болғандықтан, идеялар мен мәдени құндылықтардың өзі байлықты тең бөлмеуді қамтамасыз ету үшін уақыт өткен сайын маңызды бола түсті.

Мысалы, Батыс Еуропада орта ғасырларда феодалдық аристократия жердің бәріне иелік етті. Ал жері жоқ қара шаруалар мәдениеттегі айналып келе беретін шыншылдық, парыз пен құрмет сынды идеалдарға барынша адал болу арқылы жұмыстың бәрін атқара берді. Ал шаруалардың бірден-бір білім алу көзі болып саналатын католиктік шіркеулер оларды ерте жастан-ақ барынша тілалғыштық пен билікке бағынуға үйретті. Олар осы өмірдегі көнбістіке салынып еңбектенудің шынайы сыйын о дүниеге барғанда аламыз деп үйренді. Бұл идея шаруалардың өз қожайындарына мүлдем қарсы шықпайтынына кепілдік берді. Тіпті тынымсыз әрі ұзақ уақыт бойғы қара жұмыс істеудің әділетсіз екенін кейбір шаруалар сезінсе де, белгілі бір шағын топтың өкілдері одан ләззат алатын еді.

Бірнеше жүз жыл өткеннен кейін экономикалық күшті жаңа топ – капиталистер тобы өз қолдарына алды. Ал дүкендер мен өндіріс ошақтарының және көпестердің әлеуметтік билігі индивидуалды еркіндік және саяси теңсіздік деген секілді жаңа идеялармен бетпе-бет келді. Егер Орта ғасырлардағы әдебиет пен капиталистік дәуірдегі әдебиетті өзара салыстырып көрер болсаңыз, айтулы айырмашылықтардың бар екеніне куә болар едіңіз. Артурлық аңыздарда немесе Роланд әнінде батырлықты ту еткен рыцарьлар патша мен елдің қамы үшін жаумен соғысады немесе өздерінің ерліктерін дәлелдеу үшін неше түрлі қиын сынақтардан өтуге бел



буады. Мысалы, Уильям Дин Хауэллстің «Жаңа фортундардың қаупі» деп аталатын кітабында іскер адамдар байлығына лайықты түрде суреттеледі. Ал ол кездегі экономикалық теңдікті қолдайтындар қоғамдық тәртіпті бұзушы ретінде сипатталған.

Детерминистік қатынастағы маркстілдер мәдениетте қашанда күрделі әлеуметтік-саяси ситуациялардың көрінісі болатынын баса айтады. Шекспир, бәлкім, әдеби жаңалық ашушы болған шығар. Бірақ ол ақыр-аяғында өз дәуірінің билеуші тобының идеялары мен құндылықтарын жазып кетті. Аристократтар өздерінің көзқарастар жүйесінің оның пьесасында көрініс тапқанына куә болды, ал кедейлер кейбір болымсыз көріністерде ғана бой көрсетіп қалатын. Әлеуметтік-экономикалық топтардың бай-бағландарына жатпайтын адамдардың мүдде-мұраты пьесада көрініс табуы мүмкін, алайда ол тек қана оны жою үшін ғана келтіріледі.

Кейінгі марксистік позициялар мәдениеттің рефлексия теориясына қарағанда әлдеқайда күрделі екенін растады. Маркс таптық бөлініске түскен қоғамдардың бәрі де ішкі қарсылықтарға кезігіп отыратынына көз жеткізді. Халықтың басым бөлігін қамтитын құлдың бір түрі болған жалдамалы еңбектің шындығына көпестер табының тұлғаның еркіндігі туралы идеялары қайшы келді. Кім еңбек етсе, шындығында, сол ғана еркін бола алады деген ұстанымды бекіте отырып билеуші идеология мұндай қоғамдарды унитарлық немесе когорентті етуі мүмкін. Бірақ бағынышты топтардың мүдделері ешқашан өздерінің билеуші топтың мүдделерімен сай келмейді. Аз жалақы алатын жұмыспен байлыққа жету үшін байлық пен билікті иеленгендер мен байлығы жоқ, бірақ олар үшін қызмет ететіндердің арасында құрылымдық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылық болуы керек. Бұл секілді жарықшақтардан құтылу мүмкін емес әрі олар қоғамның шеше алмайтын қайшылықтарын көрсетеді.

Кейбір маркстілдер идеологияға да осылайша сызат түсіп, қайшылықтарға тап болатынын айтады. Осы мәселені мұқият зерттей келе, қоғамдағы қарама-қайшылықтардың идеологиядағы күйреуді білдіретін сәттерін анықтауға болады. Француздың марксист сыншысы Пьер Машерий, мысалы, Жюль Верннің әңгімелерінде бір ғана адамның барлық үлкен технологиялық жетістіктерге жауапты болуы секілді индивидуалдық идеология дәуірінің құндылықтарының бар екенін айтады. Верн туындыларында өз дәуірінің капиталистік жорамалдарын суреттеді. Онда тарихты әлеуметтік таптар емес, жекелеген адамдар жасайтынын көруге болады. Алайда индивидуалдық идеология биік тұру үшін кемелердегі жұмыстардың бәрін үнсіздікке салынған және аты-жөндері белгісіз матростар орындайды.

Теодор Адорно секілді диалектикалық дәстүрдегі марксистер өнердің капиталистік мәдениетте қарсы мәндегі және сыни рөл атқара алатынын айтады. Аталмыш мәдениет бәрін тауарға айналдырады, ал тауар ойлау жүйесі мен соған сай сананы қалыптастырады. Біз өмір сүріп жатқан қоғамды ақылмен шынайы сынамай қаламыз. Өйткені біз тұтыну мәдениеті арқылы тыныштық табамыз.

Өмірдің өзі барынша оптимистік сарынға бой алдыру арқылы өте береді. Қылмыскер не христиан дінін ұстана тұра балаларға жәбір көрсететін коммунист немесе одан да жаман адам болғаны үшін ешкім кінәлі болмауы мүмкін. Өйткені біз тауар мәдениетіне қатысудан бас тарта алмаймыз. Біздің бар қажеттілігіміз бен қалауымыз соған қарай бағытталған. Толыққанды адам секілді өмір сүру дегеніміз көлікке ие болу мен ұялы телефонды таңдау кезіндегі креативтілігіңізден ғана тұруы мүмкін.

Өнер аталған біртектілік мәдениетіне қатысты терістеу функциясын атқарады. Диалектикалық ойлау жүйесіндегі терістеу әлемді танудың өте күрделі әдісінің бірінші қадамы болып табылады. Гегельден мұра қып алған Маркстің диалектикалық философиясына сәйкес, біздің ақыл-ойымыз сезімдерді ақиқат ретінде қабылдауы немесе осы сезімдік қабылдаудан бас тартуы мүмкін. Сонымен бірге түсінік қалыптасатын ментальді кеңістікке қайта ұсынуы да мүмкін. Содан соң үздік түсініктермен қаруланған сезімдік деректерге қайта оралу арқылы ақыл-ойымыз деректерді қайта қабылдайды әрі оған басқа қырынан қарауға мүмкіндік алады.

Марксизм әдебиет таптық жікке бөлінген қоғамдарда жасалады және осы секілді айырмашылықтар әдебиетте өз ізін қалдырмай тұрмайды деген түсініктегі әдеби сынның құралы ретінде өмір сүрді. Бұл сонымен бірге мәдениет саясатына ерекше ден қойған әдебиеттанушылардың тууына түрткі болды. Раймонд Уильямстан Алан Синфелдке дейінгі ағылшынның мәдени материализм мектебі осы сияқты мәдени түсінікті дамытушылардың көрнекті өкілдері болды. Мысалы, Синдфельд мәдениетті саяси пікірталастар орны және



осы таласта әр тарап әлем туралы өзінің әңгімелерін дұрыс етуге тырысады деп санайды. Доминантты идеологиядан да оның дұрыстығына күмәнмен қарай отырып сызат сызықтарын табуға болады. Мұндай күйреудің сызықтары теңсіздік етек алған қоғамдарда міндетті түрде кезігеді. Капиталистер еркіндіктің утопиясын жариялауы мүмкін. Алайда бұл жан толқытар сезімдер бүкіл әлем фабрикаларындағы миллиондаған құлдық өмірден хабар беруі мүмкін.

Маркстің пікірінше, қоғамды алға жетелейтін – экономика. Бәрі де осы экономикалық факторлардың себебімен өзгеріске ұшырайды. Ол әдебиетке де әсер етпей қоймайды екен. Осы экономикалық факторлар қоғамдағы базис қызметін атқарады да, қалған барлық мәдени-рухани құбылыстардың бәрі де осы қондырманың үстіне құрылады. Маркс адамзат тарихындағы қоғамдарды ежелгі дәуір, феодализм, капитализм және социализм деп бірнеше түрге бөледі. Осылардың әрқайсысының өзіне тән өнер түрі бар. Ал енді осы қоғамдардың өзі біркелкі болмайды. Іштей бір-бірімен қайшылыққа түсетін әртүрлі әлеуметтік таптардан құралады дейді. Олардың өз идеологиясы болады екен. Ал адам өзі тиесілі болған таптың идеологиясын арқалап жүреді. Осы тап адамның санасын қалыптастырып, әлемге деген көзқарасын негіздейді.

Маркстік эстетиканың бастауы XIX ғасырда өмір сүрген философтар Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің еңбектерінде жатса да, аталған ғылыми пән кейіннен Ленин, Троцкий, Сталин, Жданов, Мао Цзедун секілді тарихи тұлғалар тарапынан қолдау тауып, социалистік мемлекеттер мен партиялық басқару жүйесі жағдайында одан әрі дамытылды. Маркстік эстетика – диалектикалық-материалистік философияның негізінде жасалған өнердің теориялық концепциясы. Коммунистік қоғам құруға кіріскен көптеген елдер аталмыш ұстанымды өздерінің әдебиеті мен өнеріне, ғылымы мен саяси-экономикалық жүйесіне негіз етіп алды. Әлеуметтік марксизм философиясын қару еткен бұл бағыт, ең алдымен, әділетсіздік орнаған қоғамда төңкеріс жасап, әділеттілікті орнатуды, соның негізінде мамыражай қоғам құруға шақырды. Сонымен бірге, пролетариаттардың басында кәсіби мамандардан құралған жаңа типтегі басқарушы партия тұрды. Олар төңкерістен кейін тапқа бөлінген қоғамда әлеуметтік-экономикалық теңдік орнату үшін жеке меншік дегенді жоюға шақырды. Сонда адамдардың бәрі де басыбүтін мемлекетке тәуелді боп қалуы керек. Ал мемлекет бар күшті өз қолына алып, қатаң тәртіптегі басқару жүйесін жүргізіп отырды. Мұндай әлеуметтік-утопиялық постулаттар өз жалғасын маркстік эстетикадан тапты. Маркстік эстетиканың басты тұжырымдары мыналар болып саналады:

Біріншіден, өнер дегеніміз – қоғамдық сананың формасы. Ол тарихи тұрғыдан дамиды әрі экономикалық факторлар себебінен өзгеріске ұшырайды. Көркем дамудың екінші факторы – жекелеген көркем-шығармашылық дәстүр. Өнердің экономикадан тәуелсіз өзіндік даму моделі де болады.

Екіншіден, өнер бұқара халыққа айрықша ықпал ете алады әрі партияның бағытына сай оларды белгілі бір әрекетке баули алады. Бұл партиялық-прагматикалық ұстаным Маркстің тұжырымдарына сүйенеді. Шығарма және қабылдаушы рөлі маңызды қызмет атқарады. Біз бұған дейін көркем мәтін мен оқырман арасындағы байланыс мәселесіне тоқталған болатынбыз. Маркстің еңбектерінде де осы мәселе аз айтылмаған. Көркем шығармашылықты түсінетін әрі оның сұлулығын шынайы сезіне алатын оқырман болса, өнердің мұратына жеткені. Маркстің өндіріс предметті тек субъект үшін ғана шығарып қоймайды, сонымен бірге субъекті де өндіріс үшін қызмет етеді, деген пікірі аталған эстетикалық бағыт үшін көп әсер етті. Мысалы, жазушы-қаламгер қоғамдағы адамдардың болмыс-бітімін жан-жақты ашу арқылы оқырманды да өз жанына үңілуге мәжбүр етеді. Бір ғана кейіпкердің тұлғасымен тұтас қоғамдағы сондай адамдардың бейнесін ашуға тырысады. Феноменологияда мұны интерсубъективтілік деп аталса, Маркс оған типтендіру деген айдар тақты. Әдебиетте типтендіру дегенімізді белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесін көркем әдебиетке кейіпкер етіп, оның бойына өзіне ұқсаған басқа да «қатарластарының» қасиет-сипатын қосақтау, яғни жинақтау арқылы қоғамдағы адамдардың белгілі бір тобын таныту. Мысалы, жазушы студенттің өмірін бір жас ізденушінің бейнесімен ашып беретін болса, ол тұтас қоғамдағы өзі құралпас ізденушілердің болмысы ретінде қабылданады.

Үшіншіден, өнердің ықпалының жемісті болуы үшін міндетті түрде бақылауда ұсталынып отыруы керек және белгілі бір деңгейде қажетті бағытқа қарай жөн сілтеп, бағдар алып отыруы



керек екен. Ол жазушының жеке еркіндегі шаруа емес. Қатаң цензураға сүйенген партиялық басқару баспалар мен театрларға, кинотеатрлар мен көрмелерге бақылау жасап отырды. Сонымен бірге, көркем әдеби туындының авторлары да партия алдындағы парыздарын мүлтіксіз орындауға міндетті болды. Шығармаларында суреттелер оқиғаның халықтығы, оның социалистік шындық аясында жазылуы, партияның негізгі бағыт-бағдарына идеялық тұрғыдан қайшы келмеуі сынды мәселелер басты орында тұрды.

Төртіншіден, тұтас қоғам үлкен мақсатқа – коммунизмге жетеміз деген арманға шын сенді. Осы оптимистік мақсатқа жету үшін күллі басқару жүйесі мен халық соған қарай бағыттандырылды. Оған әдебиет пен өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар мен өнер өкілдері де өз үнін қосып, шығармашылықтарында сол идеяға қолдау білдіріп отыруы керек болды, ең құрығанда, ол идеяны сын тезіне алмауы басты талаптар қатарына енді.

Жалпы, марксизмнің тұжырымдарына сүйенген әдебиет те, ғылым да біржақтылыққа, сыңаржақтыққа салынғаны тарихи шындық болып отыр. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымы да осы жолдардан өтті. Дегенмен оны бір жақты сынауға да болмайды.

Дәл осы тұста қазақ әдебиетінің қазыналы қоржынына әлемдік әдебиетте ерекше орын алатын классикалық туындылардың туғаны да жасырын емес. Оған шынайы баға беріп, тарихи әділ үкім шығару үшін, әрине, объективті көзқараспен ғылыми ізденістер жасау керек болады. Әйтпесе, қазіргі таңда социалистік реализм үстем болған советтік кезеңдегі жазушыларымызды да, маркстік идеялар кіріктірілген көркем шығармаларды да бір жақты мансұқтап, жоққа шығаратындар да табылады. Тіпті оның бәрін қазақтың әдебиет тарихынан біржолата сызып тастау керек дегенді айтатындар да жоқ емес. Біздің ойымызша, бұл ойға қонымды, ақылға сыйымды пікір емес. Өйткені біз өзіміздің өткен ізімізден, жүрген жолымыздан, жалпы айтқанда, мәдени-рухани тарихымыздан бас тарта алмаймыз. Әрине, бүгінгі таңда оған әртүрлі сипатта баға беріп, пікір білдіруге болар. Алайда сол дәуірдің шынайы ситуациясын, тарихи-әлеуметтік жағдайын терең сезінбейінше, әдебиетіміздің өткен тарихы мен тұлғаларымыздың шын болмысын ашып бере алмайтын секілдіміз.

### Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Маркс айтқан феодалдық қоғамда өмір сүрген кейіпкерлер мен капиталистік қоғамда өмір сүретін кейіпкерлердің құндылықтары туралы баяндаңыз. Қандай айырмашылықтары бар?
2. Маркстік эстетикаға сай, әдеби шығарма бойында қандай сипаттар көрінуіге тиіс болды?
3. Көрнекті маркстік ғалымдардан кімдерді білесіз?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов Зейнолла. Сөз өнері: Оқулық-монография / Қабдолов Зейнолла. – Алматы: Санат, 2007. – 2007. – 360 б.
2. Ж.Ж. Жарылғапов. Ұлттық прозадағы әдеби ағымдар типологиясы: Монография. – Қарағанды: ЖШС “Арко”, 2011. – 182 б.
3. Бахтин, Михаил Михайлович. Фрейдизм. Формальный метод в литературоведении. Марксизм и философия языка. Статьи / Бахтин, Михаил Михайлович. – М.: Лабиринт, 2000. – 640 б.